

**Қостанай облысы Қарасу ауданы Люблин ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қостанай облысы Қарасу ауданы мәслихатының 2014 жылғы 9 сәуірдегі № 199 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 16 мамырда № 4721 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы мәслихатының 2022 жылғы 29 сәуірдегі № 120 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы мәслихатының 29.04.2022 № 120 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3-бабының 6-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Қарасу аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Қарасу ауданы Люблин ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қостанай облысы Қарасу ауданы Люблин ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кезектен тыс*

*сессияның төрағасы*

*Қарасу аудандық*

*мәслихатының хатшысы*

*А. Ыбраев*

*С. Қазиев*

**КЕЛІСІЛДІ:**

Қостанай облысы Қарасу  
ауданы Люблин ауылдық  
округінің әкімі

\_\_\_\_\_ А. Лемешко

Қарасу аудандық мәслихатының  
2014 жылғы 9 сәуірдегі  
№ 199 шешіміне қосымша

## **Қостанай облысы Қарасу ауданы Люблин ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – Қостанай облысы Қарасу ауданы мәслихатының 11.08.2017 № 141 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Елді мекеннің атауы	Өкілдерінің саны (адам)
Люблин ауылының тұрғындары үшін	19
Симферополь ауылының тұрғындары үшін	5
Корнилов ауылының тұрғындары үшін	5

Қарасу аудандық мәслихатының  
2014 жылғы 9 сәуірдегі  
№ 199 шешімімен бекітілген

## **Қостанай облысы Қарасу ауданы Люблин ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қостанай облысы Қарасу ауданы Люблин ауылдық округінің (бұдан әрі - Люблин ауылдық округі) бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес әзірленді және Люблин ауылдық округі тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Люблин ауылдық округінің аумағы тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі

### **2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі**

3. Бөлек жиынды Люблин ауылдық округінің әкімі шақырады.

Қарасу ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Люблин ауылдық округінің шегінде бөлек жиынды өткізуді Люблин ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Люблин ауылдық округінің тұрғындары қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Люблин ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Люблин ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Люблин ауылдық округінің тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Қарасу аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Люблин ауылдық округінің тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Люблин ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.